



Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігі Орта және кәсіптік білім комитетінің мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 10 мамыр N 557

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 22 қаңтардағы N 6 U990006_ Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

1) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігінің Орта және кәсіптік білім комитеті туралы ереже;

2) Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігі Орта және кәсіптік білім комитетінің құрылымы;

3) Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау, білім және спорт

министрлігі Орта және кәсіптік білім комитетінің қарауындағы ұйымдардың тізбесі бекітілсін.

2. "Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі Білім комитетінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 19 маусымдағы N 571 P980571_

қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
міндетін атқарушы

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1999 жылғы 10 мамырдағы
N 557 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау, білім және спорт

министрлігінің Орта және кәсіптік білім комитеті туралы

Ереже

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігінің Орта және кәсіптік білім комитеті (бұдан әрі - Комитет) Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігі құзыретінің шегінде мектеп жасына дейінгі, мектептен тыс тәрбие және оқыту, жалпы орта, кәсіптік-техникалық және арнаулы орта білім беру саласында арнаулы атқарушылық және бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын ведомствосы болып табылады. <*>

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.08.02. N 1093 қаулысымен. P991093_

2. Комитет өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Комитет мемлекеттік мекеменің ұйымдастырушылық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, оқшауланған мүлкі, Қазақстан Республикасының елтаңбасы бейнеленген, өзінің атауы мемлекеттік тілде жазылған мөрлері мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ заңдарға сәйкес банктерде шоттары болады.

Комитет азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

Комитеттің, егер заңдарға сәйкес оған өкілеттік берілсе, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарабы болуға құқығы бар.

4. Комитет өз құзыретіндегі мәселелер бойынша заңдарда белгіленген тәртіппен Төрағаның бұйрықтарымен рәсімделетін шешім қабылдайды.

5. Комитеттің құрылымы мен штат санының лимитін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді. <*>

ЕСКЕРТУ. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 1999.08.02. N 1093 қаулысымен. P991093_

6. Комитеттің заңды мекен-жайы: 473000, Астана қаласы, Әуезов көшесі, 126.

7. Комитеттің толық атауы - "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігінің Орта және кәсіптік білім комитеті" мемлекеттік мекемесі.

8. Осы Ереже Комитеттің құрылтай құжаты болып табылады.

9. Комитеттің қызметін қаржыландыру тек республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

Комитетке өзінің функциясы болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қатынастар жасауға тиым салынады.

2. Комитеттің негізгі міндеттері, функциялары және құқықтары

10. Комитеттің негізгі міндеттері:

1) мектеп жасына дейінгі, мектептен тыс тәрбие және оқыту, жалпы орта, кәсіптік-техникалық және арнаулы орта білім беру саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыруға және іске асыруға қатысу;

2) азаматтардың мемлекеттік оқу орындарында кепілдікті тегін орта білім алуын қамтамасыз ету;

3) мектеп жасына дейінгі, мектептен тыс тәрбие және оқыту, жалпы орта, кәсіптік-техникалық және арнаулы орта білім саласындағы мемлекеттік білім стандарттарын әзірлеуді ұйымдастыру;

4) ұлттық және аймақтық ерекшеліктерге сәйкес оқу-тәрбие ұйымдарының әр түрлі нұсқаларын дамыту үшін жағдай жасау;

5) өз құзыретінің шегінде білімнің тиісті деңгейлеріндегі оқытудың сапасын және білім саласындағы нормативтік құқықтық актілердің орындалуын бақылауды ұйымдастыру және жүзеге асыру;

6) педагог кадрларды даярлауды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру;

7) мемлекеттің кәсіптік-техникалық және арнаулы орта білімі бар жұмысшылар мен мамандарға деген сұранысын қанағаттандыру;

8) кәсіптік-техникалық және арнаулы орта оқу орындарына жыл сайын қабылдауды ұйымдастыру;

9) мектеп жасына дейінгі, мектептен тыс тәрбие және оқыту жалпы орта, кәсіптік-техникалық және арнаулы орта білім ұйымдарын педагог кадрлармен, базалық (үлгілік) оқу жоспарларымен, оқу-әдістемелік әдебиеттермен қамтамасыз ету;

10) өз құзыретіндегі мәселелер бойынша мақсатты бағдарламалар әзірлеу, білім саласындағы бағдарламаларды әзірлеуге және іске асыруға қатысу;

11) мектеп жасына дейінгі, мектептен тыс тәрбие және оқыту, жалпы орта, кәсіптік-техникалық және арнаулы орта білім мәселелері жөнінде халықаралық шарттар жасасу;

12) заңдарда белгіленген тәртіппен орта арнаулы оқу орындарының қызметін лицензиялау;

13) өз құзыретінің шегінде Мемлекеттік білім мекемелерін аттестациялау және тіркеу туралы ережені, Білім беру жүйесінде кадрлардың біліктілігін арттыру, қайта

даярлау және аттестациялау туралы ережені әзірлеуді ұйымдастыру және бекіту болып табылады.

11. Комитет заңдарда белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) өз құзыретінің шегінде нормативтік құқықтық актілерді, ережелерді, оқу жоспарлары мен бағдарламаларын әзірлейді және бекітеді;

2) жалпы орта, кәсіптік-техникалық және арнаулы орта оқу орындарында оқу жылының басталуы мен аяқталуын, сондай-ақ оқушыларға арналған каникулдардың мерзімдерін белгілейді;

3) уәкілеттік берілген мемлекеттік органдармен бірлесіп жұмысшылар мен мамандарды даярлауға мемлекеттік тапсырысты айқындауға және орналастыруға қатысады;

4) мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, еңбек рыногын зерттеуге және республика экономикасының жұмысшылар мен мамандарға сұранысын айқындауға қатысады;

5) мектеп жасына дейінгі, мектептен тыс тәрбие және оқыту, жалпы орта, кәсіптік-техникалық және арнаулы орта білім беру саласына шетелдік несиелер мен инвестицияларды тарту және пайдалану жөнінде ұсыныстар енгізеді;

6) кәсіптік-техникалық және арнаулы орта білім мамандықтары бойынша біліктілік сипаттамаларын әзірлеуді ұйымдастырады;

7) оқыту мен тәрбиелеудің озық тәжірибесі мен қазіргі заманғы технологиясын зерделейді және таратады;

8) мектеп жасына дейінгі, мектептен тыс тәрбие және оқыту, жалпы орта, кәсіптік-техникалық және арнаулы орта білім беру жүйесіне бағытталатын бюджеттік қаражатқа сұранысты есептеу жөніндегі жұмысқа қатысады;

9) мектеп жасына дейінгі, мектептен тыс тәрбие және оқыту, жалпы орта, кәсіптік-техникалық және арнаулы орта білім беру жүйесі қызметкерлерінің еңбек, оған ақы төлеу және әлеуметтік қорғау жүйелерін жетілдіру жөнінде ұсыныс енгізеді;

10) мектеп жасына дейінгі, мектептен тыс тәрбие және оқыту, жалпы орта, кәсіптік-техникалық және арнаулы орта білім беру мемлекеттік ұйымдарының бюджеттік және арнайы қаражаттарды пайдалану жөніндегі қаржы-шаруашылық қызметіне талдау жүргізеді;

11) мектеп жасына дейінгі, мектептен тыс тәрбие-және оқыту, жалпы орта, кәсіптік-техникалық және арнаулы орта білім беру ұйымдарының оқу процестеріне ендіруге бағытталған ғылыми зерттеулерді дамыту жөніндегі бағдарламаларды әзірлеуге және іске асыруға қатысады;

12) мектеп жасына дейінгі, мектептен тыс тәрбие және оқыту, жалпы орта, кәсіптік-техникалық және арнаулы орта білім ұйымдарының қызметкерлеріне құрметті атақтар беру, оларды республиканың мемлекеттік наградаларымен марапаттауға

ұсыныстар енгізеді және айрықша белгілермен атап өтеді;

13) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім басқармаларының (департаменттерінің) басшыларын қызметке тағайындауға және босатуға келісім береді;

14) Комитеттің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша халықаралық шарттар мен келісімдердің жобаларын әзірлеуге қатысады;

15) өз құзыретінің шегінде мектеп жасына дейінгі, мектептен тыс тәрбие және оқыту, жалпы орта, кәсіптік-техникалық және арнаулы орта білім беру ұйымдарын құру, қайта ұйымдастыру және тарату жөнінде ұсыныс енгізеді;

16) Комитеттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірлейді;

17) заңдарға сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асырады.

12. Комитеттің негізгі міндеттерін іске асыру және өзінің функцияларын жүзеге асыру мақсатында заңдарда белгіленген тәртіппен:

1) өз құзыретінің шегінде мектеп жасына дейінгі, мектептен тыс тәрбие мен оқытуды, жалпы орта, кәсіптік-техникалық және арнаулы орта білім беруді жүзеге асыратын ұйымдардың, сондай-ақ кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау мекемелерінің қызметін бақылауды қамтамасыз етуге;

2) мемлекеттік органдардан және өзге де ұйымдардан Комитеттің құзыретіндегі мәселелер бойынша белгіленген тәртіппен ақпарат сұратуға және алуға;

3) ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік кәсіпорындардың басшыларын тағайындауға және атқаратын қызметінен босатуға;

4) мектеп жасына дейінгі, мектептен тыс тәрбие және оқыту, жалпы орта, кәсіптік-техникалық және арнаулы орта білім беру ұйымдарында бюджеттік қаражатты пайдаланудың дұрыстығына, тиімділігіне тексеру жүргізуге қатысуға;

5) арнаулы орта оқу орындарының қызметін лицензиялауға;

6) Комитеттің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша қоғамдық және халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимылды жүзеге асыруға;

7) мектеп жасына дейінгі, мектептен тыс тәрбие және оқыту, жалпы орта, кәсіптік-техникалық және арнаулы орта білім беру саласындағы жекелеген міндеттерді шешу және проблемаларды зерделеу үшін жұмыс және зерттеу топтарын құруға;

8) Комитеттің құзыреті шегінде білім саласындағы салааралық үйлестіруді жүзеге асыруға;

9) қолданылып жүрген заңдарға сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

3. Комитеттің мүлкі

13. Комитеттің жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болады.

14. Комитетке бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

15. Комитеттің өзіне бекітілген мүлікті өз бетінше иеліктен шығаруға немесе өзге де тәсілдермен оған билік етуге құқығы жоқ.

Комитетке заңдарда белгіленген жағдайларда және шектерде мүлікке билік ету құқығы берілуі мүмкін.

4. Комитеттің қызметін ұйымдастыру

16. Комитетті Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын Төраға басқарады.

Төрағаның, оның ұсынуы бойынша, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау, білім және спорт министрі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын орынбасарлары болады.

17. Комитеттің төрағасы Комитеттің жұмысын ұйымдастырады және басшылық жасайды және Комитетке жүктелген міндеттердің орындалуы мен оның өз функцияларын жүзеге асыру үшін дербес жауаптылықта болады.

18. Төраға осы мақсатта:

1) өз құзыретінің шегінде бұйрықтар шығарады;

2) бекітілген санның және еңбек ақы қорының шегінде Комитеттің

штат кестесін, Комитеттің құрылымдық бөлімшелері туралы ережені бекітеді;

3) өзінің орынбасарлары мен Комитеттің құрылымдық бөлімшелері басшыларының міндеттері мен өкілеттіктерін айқындайды;

4) Комитеттің қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

5) Комитеттің қызметкерлерін көтермелейді және тәртіптік жаза қолданады;

6) мемлекеттік органдарда, өзге де ұйымдарда Комитеттің атынан өкілдік етеді;

7) заңдарға сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

19. Комитетте сандық құрамын Министр, ал жеке құрамын - Комитеттің төрағасы айқындайтын консультативтік-кеңесші орган Алқа құрылады.

5. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату

20. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1999 жылғы 10 мамырдағы
N 557 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау, білім
және спорт министрлігі Орта және кәсіптік білім
комитетінің құрылымы

Басшылық
Жалпы орта білім басқармасы
Кәсіптік білім басқармасы
Үйлестіру және бақылау бөлімі
Мемлекеттік тапсырысты жоспарлау және статистика бөлімі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1999 жылғы 10 мамырдағы
N 557 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау, білім және
спорт министрлігі Орта және кәсіптік білім комитетінің
қарауындағы мекемелердің
Тізбесі

1. К.Байсейітова атындағы республикалық музыка колледжі
2. П.Чайковский атындағы Алматы музыка колледжі
3. Ж.Елебеков атындағы республикалық эстрада-цирк колледжі
4. Республикалық көркемсурет колледжі (Қазақ мемлекеттік көркемсурет академиясының жанындағы)
5. А.Селезнев атындағы Алматы хореографиялық училищесі
6. О.Таңсықбаев атындағы Алматы безендіру-қолданбалы өнер колледжі

7. Шымкент республикалық әскери мектеп-интернаты
8. Қарағанды республикалық әскери мектеп-интернаты
9. Б.Момышұлы атындағы Алматы республикалық әскери мектеп-интернаты
10. А.Жұбанов атындағы республикалық қазақ орта музыка мектеп-интернаты
11. Қазақ тілі мен әдебиетін тереңдетіп оқытатын республикалық мектеп-интернаты
12. О.Жәутіков атындағы республикалық физика-математика мектеп-интернаты
13. Республикалық оқушылар сарайы
14. "Дарын" республикалық ғылыми-практикалық орталығы
15. Республикалық білім беру жүйесінің басшы және ғылыми-педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру институты
16. Ы.Алтынсарин атындағы қазақ білім академиясы
17. Республикалық ақыл-ой және дене дамуы жағынан кемістігі бар балалар мен жасөспірімдерді әлеуметтік бейімдеу, кәсіби-еңбектік оңалту ғылыми-өндірістік орталығы
18. Республикалық білім беруді ақпараттандыру ғылыми-әдістемелік орталығы
19. Республикалық мемлекеттік білім стандарттары орталығы
20. Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапхана
21. "Қазбілімжабдық" өндірістік коммерциялық бірлестігі республикалық мемлекеттік кәсіпорны
22. Мектеп жиһаздарын жасау және жөндеу жөніндегі республикалық бірлестік(шаруашылық жүргізу құқығында)
23. Ақмола қаржы-экономикалық колледжі
24. Семей қаржы-экономикалық колледжі
25. Республикалық оқу-тәрбиелік орталығы
26. Оқу-ғылыми физика-технологиялық орталығы
27. "Қазақстан мұғалімі" газетінің редакциясы
28. "Учитель Казахстана" газетінің редакциясы
29. "Қазақстан мектебі", "Қазақстан тарихы" журналдарының редакциясы
30. "Бастауыш мектеп" журналының редакциясы
31. "Отбасы және балабақша" журналының редакциясы
32. "Қазақ тілі мен әдебиеті" журналының редакциясы - "Ұлағат" қосымшасы
33. "Русский язык и литература в казахской школе" журналының редакциясы
34. "Информатика, физика математика" журналының редакциясы

ЕСКЕРТУ. Тізбе 25-34-реттік нөмірлі жолдармен толықтырылды -
Қазақстан Республикасы Укіметінің 1999.08.27. N 1264
қаулысымен.

P991264_

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Омарбекова А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК